

Жақсы ауданының елді мекендерінде аумақтарды абаттандыру, жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 17 маусымдағы № С-34-4 шешімі. Ақмола облысы Жақсы ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 шілдеде № 1-13-137 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 31 мамырдағы № 5ВС-5-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2012.05.31 № 5ВС-5-2 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 3 бабының 2 бөліміне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы, 1 тармағының 8 тармақшасына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған Жақсы ауданының елді мекендерінде аумақтарды абаттандыру, жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Ережесі бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	Ж а қ с ы	а у д а н д ы қ	м ә с л и х а т ы н ы ң
	к е з е к т і	о т ы з	т ө р т і н ш і
сессиясының төрағасы	Г.Бралин		
	Ж а қ с ы	а у д а н д ы қ	
мәслихатының хатшысы	Б.Жанәділов		
КЕЛІСІЛГЕН			
Жақсы ауданының әкімі	И.Қабдуғалиев		
Ж а қ с ы	а у д а н д ы қ	м ә с л и х а т ы н ы ң	
2 0 1 1	ж ы л ғ ы	1 7	м а у с ы м д а ғ ы
№ С-34-4 шешімімен бекітілген			

Жақсы ауданының елді мекендерінде аумақтарды абаттандыру, жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жақсы ауданының елді мекендерінде аумақтарды абаттандыру, жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексіне, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленген.

2. Ереже Жақсы ауданының елді мекендерінде аумақтарды абаттандыру, жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау тәртібін белгілейді және меншік түріне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғаларға тарайды.

2. Осы Ережедегі қолданылатын негізгі ұғымдар

3. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) абаттандыру–елді мекендердің аумақтарында адамның қолайлы, таза мен жайлы өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған элементтер мен жұмыстардың кешені ;

2) жасыл желектер–санитарлық-гигиеналық және экологиялық жағдайын қамтамасыз етіп, көріктендіру мен сәулет-ландшафтық әсемдеу деңгейін көтеруге әсер ететін, өсімдік текті объектілер (ағаштар, бұталар, көгалдар, гүлзарлар) ;

3) бөлінген аумақ–алаңы, шекарасы, орналасқан жері, құқықтық мәртебесі және басқа да сипаттамалары қала құрылысы құжаттарында және мемлекеттік жер кадастрында көрсетілген, заңнамамен қарастырылған құқығында жеке және заңды тұлғаларға берілген аумақтың бөлігі.

3. Аумақтарды ұстауға қойылатын талаптар

4. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың басшылары, дүкендер, сауда үйлері мен павильондардың иелері мен жалгерлері:

1) бөлінген аумақтарын тазартуды, сонымен қатар, тұрмыстық қоқысты өзінің күшімен немесе келісім-шарттың негізінде басқа кәсіпорындармен шығаруды;

2) өзінің аумағындағы жер үстіндегі және астындағы суларды ағызуға арналған су ағызатын арықтарды, өткелдерді, құбырларды, дренаждарды жинау

м е н

т а з а р т у д ы ;

3) ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттерін, қоршауларды, кіру есіктерін, балкондар мен лоджиялардың экрандарын, су ағатын құбырларын, шағын сәулет нысандарын жөндеу және бояу жұмыстарын уақытылы жүргізуді, әкімшілік және өндірістік ғимараттардың әйнектерін және көрмелерін жууды, көгалдар мен жасыл желектерді күтуді, уақытылы арам шөптерді жұлуды;

4) белгіленген тәртіпке сәйкес құжаттарды ресімдеуден кейін ғана, жер астындағы ғимараттарын салу, қайта құру және жөндеу, құрылыста нөлдік топтама жасау кезінде жерді ойып алумен байланысты жұмыстарды ө н д і р у д і ;

5) санитарлы-эпидемиологиялық іс шараларды сақтауды қамтамасыз етеді.

5. Тұрғын кварталдар аумақтарында, және жеке иеліктегі үйлерге іргелес аумақтарда келесі тәртіпті ұстану қажет:

1) өткелдердің, тротуарлардың, жаяу жүретін жолдардың, квартал ішілік өтпелер мен жолдардың төсемін түзу жайында ұстау;

2) әр түрлі шаруашылық және қосалқы құрылыстардың рұқсатсыз салынуын б о л ғ ы з б а у ;

3) құрылыстық материалдарды, ауылшаруашылық жануарларға арналған қатты жем-шөпті, қатты отынды, күлді қаттап тастауды болдырмау;

4) шағын сәулет нысандарын, спорттық, ойын, балаларға арналған және шаруашылық алаңдарды, қоршау мен шағын қоршауларды түзу жайында ұстау, олардың таза сыртқы түрін сақтау.

6. Көгалдарға, балалар алаңдарына, жаяу жүретін жолдарға, сонымен қатар жасыл желектердің орындарына қызметтік және жеке автокөліктердің тұруын б о л д ы р ы л м а у .

7. Базар аумағын уақытылы жинау мен абаттандыру базар әкімшілігі қамтамасыз етеді.

4. Сыртқы абаттандыру элементтерін ұстау

8. Қоршауларды құруға және көгалдардың қоршауларын, сауда палаткаларын , павильондарды орнатуға, жобалар мен оларды орнату орындары келісілген кезінде бекітілген тәртіпке сәйкес рұқсат етіледі.

9. Құрылыс алаңдары және құрылыстарды бұзу орындары жұмыс мерзімі аяқталғанға дейін периметр бойы қоршалады. Көлік шығарда көшелерді ластамау үшін жоғарыда аталған нысандардың кіреберістері абаттандырылады.

10. Дүкендердің, сауда орындардың жанында олардың иелері урналарды о р н а т а д ы .

Урналар сауда орындардың иелерімен дұрыс ретте ұсталады, қоқыстың

жиналуына орай тазартылады және жұмасына бір реттен кем емес жуылып, **з а р а р с ы з д а н д ы р ы л а д ы .**

11. Ұйым басшылары инженерлік желілер қарауында болғанда, канализацияның, су құбырының және басқа да ұңғымалардың қақпақтары түзулікте сақталуын жүйелі түрде қадағалайды.

12. Қатты отынмен жұмыс істейтін қазандық иелері жер учаскесінен шлактың шығарылуын және үнемі тазартылуын қамтамасыз етеді, өртке қарсы қауіпсіздігі нормаларының сақталуымен отынды қаттап тастауды осыған бөлінген орындарға қамтамасыз етеді.

5. Жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау

13. Жасыл желектердің ағымдағы ұстауы, сақтауы және ұдайы өндірілуі аумағы бөлінген иелеріне, жер пайдаланушыларға, заңды және жеке тұлғаларға **ж ү к т е л е д і .**

14. Жер асты коммуникация мен инженерлік желілерді салғанда, төсегенде жасыл желектерді қазып алу немесе қайта отырғызу, тиісті органның жасыл желектерді кесіп тастауға немесе тамырымен қопарып тастауға рұқсаты болған **к е з д е** **ж ү р г і з і л е д і .**

15. Жұмыс жасау кезінде:

1) жасыл желектерді зақымданудан қоршау;
2) жолдарды, тротуарларды, өтпе жолдарды, алаңдарды төсеу мен асфальттау кезінде, ағаштың діңі бойында, 1 метр диаметрінде шұңқыр қалдыру қажет.

16. Заңды және жеке тұлғалар бөлінген аумақта жасыл желектердің сақталуын қамтамасыз етеді, ол үшін агротехникалық іс-шаралардың толық **к е ш е н і н** **ө т к і з е д і ,** **д ә л і р е к :**

1) қоқыстарды тазалау, көгалдарды тырмамен тазалау, құрғақ жапырақтарды жинау, арамшөптерді отау, көгалдарды шабу, бұталарды қырқу;

2) ағаштың діңі бойында шұңқыр құрумен топырақты қопсыту, ағаштарды **а қ т а у ;**

3) жасыл желектерді, көгалдарды, гүлдерді суару;

4) ағаш басын жабу, құрғақ, сынған бұтақтарды қию;

5) ағаштарды, бұталарды жасарту;

6) ауру және құрғақ ағаштарды жою;

7) жасыл қордың ағаштары мен бұталарын жөндеп отырғызу;

8) ауылшаруашылық зиянкестер мен аурулармен, карантинді арамшөптермен күресті өз күшімен немесе келісім бойынша мамандандырылған ұйымдармен **ж ү й е л і** **т ү р д е** **ж ү р г і з у .**

17. Меншік түріне қарамастан заңды және жеке тұлғалар жасыл желектер

а у м а ғ ы н д а :

- 1) құрылыс заттарын, жерді, отынды, көмірді және тағы басқа заттарды қоюға ;
- 2) көгалдарды, гүлзарларды, ағаштың діңі бойында шұңқырларды ластау;
- 3) көгалдармен жүру, ағаштарды, бұталарды сындыру, кесу, басқа да механикалық зақым келтіруге;
- 4) рұқсатсыз ағаштар мен бұталарды кесуді жүргізу;
- 5) қоршау жасауға, гүлдерді жұлуға және көпжылғы гүлдердің түйіндері мен пияздықтарын қазып алуға ;
- 6) ағаштарға сымды, тікенді сымды, әткеншекті, жіптерді, жарнама мен тақтайшаларды ілуге ;
- 7) көгалдар мен гүлзарларда цементті ерітінді немесе бетон дайындауға;
- 8) бақшалар мен бақтардың аумақтарында жапырақтарды өртеуге болғызбауға алдын ала шара қабылдайды.

6. Заңды және жеке тұлғалардың Ережені бұзғандығы үшін жауапкершілігі

18. Осы Ережені бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауапқа тартылады.

19. Әкімшілік жауапқа тарту шаралары, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес бұзушыларды олармен келтірілген материалдық шығынды өтеуден және жіберілген бұзушылықтарды жою міндеттерінен босатпайды.